



# ҚАРАҒАНДЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



# ҚАРАҒАНДЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

**Редакциялық коллегия:**

Р. Ш. ПУРГАЛИНОВ (бас редактор), Ж. А. АДАЕВ, Ж. Н. ӘБІШЕВ, Р. М. ӘЛІБЕКОВ, О. Б. БАЙМҰРАТОВ, Н. А. ДРИЖД, Л. Ф. ДУМЛЕР, А. Қ. ЕҒЕУБАЕВ (бас редактордың орынбасары), Ә. Ж. ЖҰМАСҰЛТАНОВ, К. З. ЗӘКІРНИНОВ, Ш. Қ. ҚАШЫҚОВ, М. А. ҚҰЛМҰХАМЕТОВ (жауапты хатшы), З. М. МОЛДАХМЕТОВ, Т. Т. МҰСТАФИН, Ө. С. САҒЫНОВ, Ж. Б. ТҮБТІБАЕВ, Д. А. ШАЙМҰХАНОВ.

АЛМАТЫ, 1990



А. Баймұрынұлы М. Байсейітов

К. Байсейітова Н. Ф. Байтаптам

ССР Жоғ. Советінің депутаты. Орденмен және медальдармен наградталған.

**БАЙМУРЫНОВ** Атанбай (1905—1970), малшы, Соц. Еңбек Ері (1949). 1940 жылдан КПСС мүшесі. 1935 ж. «Советтік» компаниясының сүт табынында бригадир, форма мейенушісі болып істеді (қазір Фрунзе атынд. совхоз). 1946—47 ж. П. басқарған фирма коллективі жоғары өндірістік көрсеткіштерге ие болды, өзішлердің орт. галмағын 400—450 кг-ға жеткізді және олардың өнімділігінің ауылдық сайын 1080 г салмақ қосын қамтамасыз етті. Ордендермен және медальдармен наградталған.

**БАЙСЕЙІТОВ** Мақсұт Ыбырайұлы (1927—1972), ақын, СССР Жазушылар одағының мүшесі (1957). 1944—48 ж. Қарағанды обл. радио комитетінің редагы. 1948—88 обл. «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газ. әдеби қызметкері, 1969—72 Қарағанды төлевізия студиясының редагы. «Өмір оттары» деген алғашқы өлеңдер жин. 1953 ж. басылып шықты. П. Қарағанды кешілерінің ерлік еңбегіне «Күйрат», Теміртау металлургиялық «Жалын», Орталық Қазақстанның тың көтерусілеріне «Менің бақытым» поэмалары арнады. «Сурапын» поэмасында аяқпен күрес жүргізген советтік жауынгер теңізшілердің қарымандығы жырланды. 1977 ж. Б. лирикалық өлеңдері мен поэмалары «Қарқаралы басында» деген атпен жарық көрді. **БАЙСЕЙІТОВА** Күләш (Гүлбаһрам) Жасын қызы (1912—1957), совет өншісі (лирика-

колоратуралық сопрано), қазақ опера өнерінің негізін қалаушылардың бірі, СССР халық артисі (1936), СССР Мемл. сыйлықтарының лауреаты (1948, 1949), 1943 жылдан КПСС мүшесі. Алматы педагог. техникумын бітірді (1928). Творч. жолын көркем-операалардың үйірмелерінде бастады. 1930 ж. Қазақ драма театрының труппасына қабылданды. Нүліні (П. Майлин, «Майдан»), Зәурә (К. Байсейітов пен А. Шанин «Зәурә»), Еңлік (М. О. Әуезов, «Еңлік — Көбек») ролдерін орындады. 1933 ж. жаңалап ашылған музыкалық студияда істей бастады. 1943 ж. бастап Қазақ музыка театрының солисі (Қазақтың Абай атынд. мемл. акад. опера және балет театры). Б. Жібек, Халша, Ақжүніс (Е. Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр» және «Ер Тарғын» опералары), Сара (М. Төлебаев, «Біржан мен Сара»), Ақар (А. Жұбанов пен Л. Хамиди, «Абай»), Татьяна (Н. И. Чайковский, «Евгений Онегин»), Каттерфлей (Дж. Пуччини, «Ччо-Ччо-сан») және басқа көптеген образдар жасады. Ұлы Отан соғ. жылдарында Б. концерттік бригаданы құрамында майдан шебіне шығып тұрды. Советтік бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі (1951). 1—3-ші сайланған КазССР Жоғ. Советінің депутаты. Ленин орденімен, басқа да орден-медальдармен наградталған. Қарағандыда Б. есімімен көле аталған.

**БАЙСЕЙІТОВА** КОШЕСІ, Қарағандының Кіров ауданында, онт. бастыстағы — солт.-шығыс-

қа қарап, Ш. Руставели көшесімен қатарласа созылып жатыр. 30—40-шы жылдары Қарағанды көмір бассейнінің игеру және дамыту шеңберінде пайда болды. Б. К шахтерлер слободкасының бейнесі сақталған блу бақша учаскелері бар, және жобалар бойынша салынған бір қабатты үйлерден тұрады. К. Ж. Байсейітова құрметіне аталған.

**БАЙТАПЛАҚ** тау, Қарқаралы ауданының солт.-батыс шетінде, Таалды өңірінің оң жағалауында, Қарағанды қ. т. пос. солт.-шығыс жағында 30 км жерде орналасқан. Ең биік жері 1002 м. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 8 км-ге созылып жатыр, оңы 5 км. Бөткелдері тік, барлық бөлігінде дерлік тау жыныстары жер бетіне шығып жатады. Дөңөз граптоидтерінен тұзатпен. Тау аңғарларынан көптеген бұлақтар басталады. Қызыл қоңыр топырағында тобылғы, бөтөге, қарасұлы, әр түрлі дала өсімдіктері өседі, тырбық қараған қоналары бар.

**БАЙТАМ БАЙЫТУ** ФАБРИКАСЫ, СССР Көмір өнеркәсібі министрлігінің «Қарағандық көмір» өндірістік бірлестігіне қарайды (1968 ж. дейін 100 байыту фабрикасы). Саран қ. шетінде орналасқан. Фабрика басын «Қарағанды шахты» құрылысын жобалаушы институт, жылы қуаты 300 мың т. көмір концентратын дайындау. 1960 ж. пайдалануға берілген. Әуелгі кезде қатардағы көмір байытылды. 1968 ж. тасып жеткізілетін көмірді байытуға араланап, жылдық қуаты 400 мың т. комплекс салынды, 1977 ж. флотация бөлімшесі іске қосылып кентіру бөлімшесі қайтадан жабдықталды. 1987 ж. Б. В. Ф. өндірістің қуаты 902 мың т. қатардағы көмір байытуға дейін жетті. «Ақтас», «Саран» шахталарынан өкелінетін К маршалы энергетика көмірі байытылды. Байыту процесі тундыру (ОМ-12) және флотация